

"Тұранбанк" қазақ акционерлік банкінің мемлекеттік акциялар пакетін сату туралы

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 1995 жылғы 4 тамыз N 1075

"Екінші деңгейдегі банктердегі мемлекеттік акциялар пакетін басқаруды тәртіпке келтіру шаралары туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 20 наурыздағы N 304 P950304_ қаулысына және банк жүйесін реформалау бағдарламасына сәйкес Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті:

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің "Тұранбанк" қазақ акционерлік банкінің 32,29 процент мөлшеріндегі мемлекеттік акциялар пакетін иелену, пайдалану және басқару құқығына өкілеттігін тоқтатсын.

Қазақстан Республикасының Жекешелендіру жөніндегі мемлекеттік комитеті "Тұранбанк" қазақ акционерлік банкінің мемлекеттік акциялар пакетін Орталық Азия қор биржасы арқылы белгіленген тәртіппен бастапқы бағасынан төмендетпей сатсын.

2. Мыналардың күші жойылған деп танылсын:

"Тұранбанк" қазақ акционерлік банкі Басқармасының Төрағасы және Байқаушы кеңесі туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 31 қаңтардағы N 117 қаулысы:

"Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 31 қаңтардағы N 117 қаулысына өзгертулер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 10 наурыздағы N 243 қаулысы.

Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі